

12009
19645к

ҚАЗАК
ТІЛІНІҢ
ОРФОГРАФИЯЛЫҚ
СӨЗДІГІ

А-Я

КАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ
ТІЛІНІҢ
ОРФОГРАФИЯЛЫҚ
СӨЗДІГІ

49 000 сөз

Өңделіп, толықтырылып үшінші басылуы

А Л М А Т Ы
«ҚАЗАҚСТАН»
1988

Жауапты редакторы — Р. СЫЗДЫҚОВА.

Сөздікті құрастырушылар: — А. Алдашева, А. Әбдірахманов,
Б. Қалиев, А. Қалыбаева, Қ. Неталиева, Ұ. Салиева, Н. Уәлиев.

Жауапты шығарушылар — А. Алдашева, Н. Уәлиев.

Сөздіктің бірінші басылымының редакциясын басқарғандар —
І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев; құрастырушылар — А. Әбдірахманов,
Ғ. Жәркешева, І. Кеңесбаев, Т. Қордабаев, Ғ. Мұсабаев, Ә. Мұсалдаев,
Қ. Неталиева, А. Хасенова; редакция алқасы — М. Балақаев,
І. Кеңесбаев, Т. Қордабаев, Ғ. Мұсабаев, Р. Сыздықова, А. Хасенова.

Сөздіктің екінші басылымының редакция алқасы — М. Балақаев
(жауапты редактор), І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, А. Ысқақов,
Р. Сыздықова; құрастырушылар — А. Әбдірахманов, Ғ. Жәркешева,
І. Кеңесбаев, Б. Қалиев, А. Қалыбаева, Т. Қордабаев, Ғ. Мұсабаев,
Ә. Мұсалдаев, Қ. Неталиева.

Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі: 49 000 сөз. Қазақ
Қ 17 ССР Ғылым акад. Тіл білімі институты. — Өңд., толықт.,
3-бас. — Алматы: Қазақстан, 1988. — 400 бет.

Сөздік Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указымен 1983 жылы
25 августа бекітілген «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінің» жаңа
редакциясына сәйкес жасалынды.

Бұл басылымда сөзтізбеге бұрынғы сөздіктерге енбей қалған сөздер мен
тіркестер, бірқатар жаңа ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси терминдер енгі-
зілді, қосылып немесе бөлек жазылатын көптеген сөздер айқындалып, реттелді,
грамматикалық тұлғалардың берілуі бір жүйеге келтірілді.

Сөздік мұғалімдер мен мектеп оқушыларына, жоғары оқу орындарының
оқытушылары мен студенттеріне, баспа қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың жұрт-
шылықтың пайдалануына арналған.

4602020000—39
Б 401 (05)—88 150—88

81—92я2

ISBN 5—615—00177—1

© Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1978 ж.
© «Қазақстан» баспасы, 1988 ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІГІ БОЛЬШОЙ ОРФОГРАФИЧЕСКИЙ СЛОВАРЬ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

(на казахском языке)

Редакция меңгерушісі М. Қазбеков. Редакторлары Р. Асанбаева, А. Бермаханов. Суретшісі
В. В. Кучеров. Көркемдеуші редакторы О. И. Шиленко. Техникалық редакторы Г. В. Гер-
расименко. Корректоры Г. Бектемісова.

ИБ — № 3918

Теруге берілген күні 29.09.87. Басуға қол қойылған күні 2.03.88. Форматы 60×90¹/₁₆.
Қағазы № 2. Гарнитурасы әдеби. Шығыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 25,0. Шарт-
ты баспа бояу-әріп таңбасы 25,0. Есепке алынатын баспа табағы 41,15. Тиражы 45 000
дана. Заказ 1390. Бағасы 1 с. 60 т.

Қазақ ССР Баспа полиграфия және кітап саудасы Істері жөніндегі мемлекеттік коми-
тетінің Халықтар достығы орденді «Қазақстан» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай
проспектісі, 143.

Орден Дружбы народов издательство «Казахстан» Государственного комитета Казах-
ской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата,
пр. Абая, 143.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы Істері жөніндегі мемлекеттік коми-
тетінің «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы,
480124, Алматы қаласы, Гагарин проспектісі, 93.

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ жазуы күні бүгінге дейін 1957 жылы қабылданған емле ережелерін пайдаланып келеді. Бұл ережелер 1940 жылы жаңа графикаға көшумен байланысты жасалған емле заңдарының негізінде өңделіп, толықтырылып жаңадан түзілген болатын.

30 жылдан астам уақыт ішінде осы ережелерді қолданып келген жазу тәжірибеміз қазақ орфографиясы принциптерінің дұрыс таңдалып алынғандығын және осы принциптерге сәйкес жасалған емле қағидалары негізінен дұрыс екендігін көрсетті. Мұны көптеген сөздердің жазылуының тұрақталып, бір ізге түскендігі дәлелдейді. Әсіресе екі түбірден құралып, терминдік мәнге ие болған сөздердің біріктіріліп жазылуы берік орын тепті; үш буынды сөздердің ортасында қысаң *ы, і* әріптерінің жазылуы әбден орнықты (мысалы: *үкімет, мағына, қазына, жапырақ, топырақ*); дыбысталуы жағынан екі түрлі болып жазылып жүрген сөздер іріктеліп, тұрақты калыпқа түсе бастады (мысалы: *қазір, диқан, өйткені, бәйге, ерегіс* сияқты сөздердің *қазір, диқан, үйткені, бәйгі, ерегес* түрінде жазылуы сирей түсті); орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда, олардың жіңішке не жуан болуы немесе дәнекер *ы, і* әріптері арқылы жазылуы, я болмаса соңғы бірер дыбысын түсіріп таңбалануы да біршама орнықты; дефис арқылы жазылатын тұлғалар да едәуір реттелді.

Дегенмен емле заңдылықтары да тілдің өзі сияқты дамып, жетіліп отыратын құбылыс болғандықтан, 1957 жылы түзілген қазақ орфографиясының принциптері негізінен дұрыс, жинақы бола тұрса да, кейбір ережелерін әлі де болса толықтыра түсу қажеттігі туды. Осы себептен Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты мен Қазақ ССР Оқу министрлігі 1957 жылғы орфографиялық ережелер кодексіне толықтырулар мен түзетулер енгізіп, оның жаңа редакциясын ұсынды. Ол ресми түрде қабылданып, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1983 жылғы 25 августағы Указымен бекітілді. «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінің» жаңа редакциямен ұсынылған тексі осы кітапта «Алғы сөзден» кейін беріліп отыр.

1987 жылдың 6 мартында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі республикада қазақ тілі мен орыс тілін оқып-үйренуді жақсарту туралы қаулылар қабылдады. Бұл қаулылардың үлкен әлеуметтік мәні елімізді, оның ішінде ұлт республикаларын мекендеген халықтардың ең кемі екі тілде сөйлей білуі — өмірдің өзінен туып отырған қажеттік, өмір заңдылығы екендігін көрсетуде ғана емес, сонымен қатар тілдердің беделін арттырып, мәдениетін көтеруге жұртшылық назарын мықтап аударуында. Ал тіл мәдениетін көтеруде дұрыс сөйлеп, сауатты жазу бірінші кезекке қойылады. Сауатты жазу үшін реттелген емле ережелері мен сол ережелерге сәйкес түзілген толық орфографиялық сөздіктің қажеттігі даусыз.

Қазақ тілінің толық орфографиялық сөздігі алғаш рет 1963 жылы жасалып, жарық көрді. Ол 1978 жылы толықтырылып, түзетіліп, 2-рет басылды. Бұл басылым жазу дәстүрімізді одан әрі бекітіп, оның мәдениетін көтере түсуде айтарлықтай қызмет етті. Мұнда бірге не бөлек жазылатын сөздер ажыра-

тыла түсті, көптеген терминдердің және *аралық, құмар, тану* тәрізді сынарлармен келген сөздердің біріктіріліп жазылуы тұрақтандырылды; 1-басылымға еңбей қалған сөздер қосылды; бөлек жазылатын тіркестер молырақ қамтылды. Осылардың барлығы сауатты жазуды көтере түсуге игілікті әсерін тигізді. Дегенмен сөздіктің әр басылым сайын жөнделе түсетіндігі, толықтырыла беретіндігі — занды құбылыс.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты соңғы жылдарда қазақ емле заңдылықтарын ғылыми негізде зерттей түсіп, қажетті материалдарды сұрыптап, жүйелеп, баспасөз беттерінде жазу мәдениетімізге қатысты айтылған пікірлерді ескере отырып, қазақ тілінің толық орфографиялық сөздігінің 3-басылымын әзірлеп, оқырмандарға ұсынып отыр.

Сөздікті жетілдіре түсу мақсатымен әрі бұрынғы басылымдарда кеткен кемшіліктерді түзетуді көздеп, мынадай жұмыстар жүргізілді.

1. Сөздіктің жаңа басылымы «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінің» 1983 жылғы жаңа редакциясына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар негізінде өңделді. Атап айтқанда:

а) Бірге және бөлек жазылатын сөздер іріктелді. Екі түбірден жасалып, терминдік мәнге ие болған атаулар негізінен біріктіріліп жазылды. Әсіресе мұнда баспасөз беттерінде, оқулықтарда, ғылыми-көпшілік әдебиеттерде жиі қолданылатын қоғамдық-саяси, ғылыми-техникалық терминдер мен сөз тіркестері қамтылды. Бұрын сөздікке еңбей қалған немесе тіркес түрінде ұяда берілген бірқатар сөздер термин не мамандық, кәсіп атауы ретінде біріктіріліп, реестрге шығарылды.

Дербес лексикалық мағыналарын жоғалтқан түбірлерден жасалған аң-құс, жануарлар мен жәндіктер, сондай-ақ өсімдік атаулары біріктіріліп жазылады (бұл бұрыннан қалыптасқан ереже болатын). Осы қатарға екінші сыңары *ағаш (ағашы), бақа, балық, бүлдірген, гүл, жапырақ, жеміс, жидек, көк, қат, құрай, құрт, құс, от (оты), тамыр, томар, шешек* деген сөздер болып келген өсімдік, аң-құс аттары да жатқызылды, өйткені жоғарыда көрсетілген сөздер нақты бір өсімдіктің, аң-құстың, жәндіктің атаулары емес, жалпы атаулар, сондықтан өзінің алдындағы сөзбен бірігіп қана белгілі бір нақты атауға айналып тұр: *қарағаш, барқытағаш, тасағаш, астықағаш (ы), тасбақа, құрбақа, итбүлдірген, қойбүлдірген, қарақат, қызылқат, қазоты, балықот(ы), айланшөп, т. б.* Ал *ағаш, гүл* сияқты сөздермен келген күрделі атаулардың бірінші сыңары сол өсімдіктің, ағаштың атауын жеке тұрып та білдіретін болса, бөлек жазылады. Бұл ретте *ағаш, гүл* сөздері көбінесе тәуелдік жалғаулы болып келеді. Мысалы: *алма ағашы, өрік ағашы, жаңғақ ағашы, райхан гүлі, астри гүлі.*

ә) Орыс тілінен енген *ог, уг* дыбыстарына аяқталатын сөздерге қазақ тілі қосымшаларын жалғау жаңа ережеге сәйкестендірілді.

б) Орыс тіліндегі жіңішке *ль* дыбысына аяқталатын көп буынды сөздерге дауыссыз дыбыстардан басталатын қазақ тілі қосымшаларының буын үндестігі бойынша (соңғы буынның жуан-жіңішкелігіне қарай) жалғанып, дауысты дыбыстардан басталатын тәуелдік жалғаулары буын үндестігін сақтамай, әрдайым жіңішке жалғанатындығы түзетіліп көрсетілді. Мысалы: *медаль, медальға, медальдар, медальдық, медалі; фестиваль, фестивальға, фестивальдар, фестивальдық, фестивалі; магистраль, магистральға, магистральдан, магистраль.*

2. Сөздіктің құрамы толықтырылды. Қосылған материалдар «Орфографиялық сөздіктің» 2-басылымы жарық көргеннен кейін шыққан Қазақ Совет Энциклопедиясы томдарынан, Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінен, ғылымның әр түрлі саласы бойынша жарық көрген түсіндірме, анықтама құралдар мен екі тілдік терминологиялық сөздіктерден, мерзімді баспасөз беттерінен, мектеп оқулықтарынан алынды. Жанадан қосылған сөздер мен тіркестердің көпшілігі терминдер, көне не сирек сөздер, этнографизмдер (көде, ырым, ойын аттары), соңғы кезеңдерде пайда болған жаңа сөздер болып келеді. Сөйтіп, сөздіктің 2-басылымында сөзтізбедегі сөздер саны 36.500 болса, 3-басылымда 40.000-нан астам реестр сөз, 9000-ға жуық тіркес берілді.

3. Сөзтізбе құрамы сұрыпталып, қатаң жүйелі тәртіпке келтірілді. Атап айтқанда:

а) Колданыста жоқ тұлғалар алынып тасталды (мысалы: *баждау, бажыраңдық, жағдайласу, болымсақ, жайраңқы, қайыстау, қайысы, пілсіздік, қалайшылық* т. т.); белгілі бір текте ғана кездесетін, автор жасаған сөз қосарлары (мысалы: *қайыр-мейірім, жабдыр-жайдақ, жидек-жеміс, пісілі-шикілі* т. т.) реестрден шығарылды.

ә) Етістіктің етіс тұлғаларының берілуі бір жүйеге келтірілді (бұлардың қалай реттелгені «Сөздіктің құрамы мен құрылымы» деген бөлімде көрсетілді).

б) Негізінен ғылым мен техниканың, шаруашылық пен кәсіптің белгілі бір салаларына қатысты ғана қолданылатын, бірақ күнделікті қолданыста, мерзімді баспасөзде, ғылыми-көпшілік әдебиетте көп кездеспейтін сөздер (мысалы: *спорангий, синдакрилия, фаблио, фавус, холиморфус, хронометражист, цикламид, экзистенциализм* т. б.) сөзтізбеден шығарылды.

в) -лы, -лық, -сыз, -ушы, -ушылық, -дай, -ғыш, -ыңқырау деген жұрнақ жалғанған сөздердің берілуі реттелді: дербес лексикалық мағынаға ие болған *ағартушылық, жазушылық* деген сөздердің ізімен кеткен, бірақ өз алдына лексикалық мәні жоқ *жаяушылық, жаңылдырушылық, жаңылаушылық* тәрізді сөздер, сол сияқты *оқушы, жазушы* дегендердің қатарында берілген *жарасушы, келтіруші, күйретуші, кесеуші* сияқты лексикалық дербестігі жоқ тұлғалар бұрынғы басылымдарда жүйесіз берілген болса, бұл басылымда олар да сұрыпталып, тәртіпке келтірілді.

3. Сөздікте материалды ұсыну жүйесі едәуір өзгертіліп, түзетілді. Атап айтқанда:

а) Даусыз деп танылған омонимдер бөлініп, жеке-жеке реестр сөз етіп берілді. Мысалы: бұрын *тап* деген сөз бір ғана жерде тіркелсе, енді бірнеше омоним болып, әрқайсысы өз тіркестерімен ұсынылды.

ә) Реестрде немесе ұяда берілген сөздер мен фразалар бұрын жалаң тұрса, бұл басылымда өздері тіркесетін сөздермен берілді. Мысалы, *жеті бас, жеті қараңғы, ит өлген, қарға адым, жылан бауыр, таяқ тастам* түрінде келген тіркестер *жеті басты айдаһар* (миф.), *жеті қараңғы түн, ит өлген жер, қарға адым жер, жылан бауыр трактор, таяқ тастам жер* деп, бұл фразалардың компоненттерінің бөлек жазылатындығы көрсетілді. Ал кейбір сөздер мен фразалар атау тұлғада емес, тәуелдік жалғаулы тұлғада тұрып тіркесетіндігі де ескеріліп, түзетіліп берілді. Мысалы, бұрынғы басылымда ұсынылғандай, *жер тарылу* емес, *жері тарылу, жер-жебір* емес, *жер-жебіріне жету*, этнографизмдер ретінде *үш, қырық* сөздері емес, *үші, үшін беру; қырқы, қырқын беру* деп қолданылатындығы есепке алынды.

б) Сөздікте тәуелдік, септік жалғаулы тіркестер мен сөз мағынасын ашуға септігі жоқ немесе бөлек жазылатыны шүбә тудырмайтын тіркестер берілмеді. Мысалы, *қан* сөзінің ұясында тұрған *қанға бату, қаны жоқ, қанын қию, қан қысымы, қанына тарту* деген тіркестер; *жоқ* сөзінің ұясындағы *зәресі жоқ, зауқы жоқ, жоққа тән* деген тіркестер; *қадір* сөзіндегі *қадірі кету, қадіріне жету, қадірі қалмау* деген тіркестер басы артық материалдар ретінде алынып тасталды.

4. Ұядағы материалдар жүйеленді. Атап айтқанда:

а) Бөлек жазылатындығын көрсету үшін ұяда келтірілген тіркестерден негізінен реестр сөзден басталатындары ғана берілді.

ә) Не сөз мағынасын білдіруге, не омонимдерді бөліп көрсетуге қатысы жоқ тіркестер берілмеді (мысалы: *жақын* сөзіндегі *жақын жерде, жақын тарту, жақын күнде* деген сияқтылар).

б) Сөздің қосымшалар жалғанғанда немесе шылаулармен тіркескенде, өзгертін не өзгермейтін тұлғаларын жазып көрсету де ықшамдалып, бір ізге түсірілді (ол жөнінде «Сөздіктің құрамы мен құрылымы» деген бөлімнен оқып білуге болады).

5. Сөздіктегі түсіндірме материалдар мен белгілер де бір жүйеге келтіріліп, реттелді:

а) Сөз мағынасын білдіру үшін жақша ішіне курсивпен берілетін анықтаманың бір ізді, айқын болуы көзделді. Мысалы, бірде *бот.*, бірде *өс.*, бірде *шөп.*, бірде *терм.* деп берілген анықтамалар айқындалды: өсімдік атаулары *өс.* деп, ал ботаникалық өзге терминдер *бот.* деп қысқартылып көрсетілді. Қысқартылған анықтағыш белгілердің тізімі берілді.

ә) Қос сөздің немесе күрделі сөздің екінші сыңарының қос нүктемен реестрге шығарылғандары реттелді, яғни олар сөзтізбеден алынып, қос нүктеден кейінгі сөздер мен тіркестер өз орындарында берілді. Мысалы, *қопсы: қора-қопсы; сарсаң: әуре-сарсаң; соқта: көк соқта; сығай: ығай мен сығай* деп беріліп келген сөздердің әрқайсысы бір ғана жерде (қос сөздер реестр болып алфавиттік өз орнында, ал сөз тіркесі болса, бірінші сөзіне қарай сол сөздің ұясында) берілді.

Сөйтіп, «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің» бұл басылымында оның сөзтізбесі едәуір сұрыпталып, бір жағынан толықтырылса, екінші жағынан қысқартылды; грамматикалық тұлғалардың реестрде берілуі бір жүйеге келтіріліп, әр түрлі анықтама материалдар реттеліп, сөздіктің пайдаланушыларға жеңіл әрі қолайлы болуы көзделді. Сөздікті қайта қарап, оның жаңа басылымын дайындау барысында бұрынды-сонды баспасөз беттері мен әр түрлі мәслихат-жиындарда айтылған орынды пікірлер мен ұсыныстар ескерілді.

Орфографиялық сөздіктің 3-басылымын баспаға даярлағандар — **А. Қалыбаева, К. Негалиева, А. Әбдірахманов, Б. Қалиев, Ұ. Салиева, Н. Уәлиев, А. Алдашева.** Сөздіктің қайта басылымын жүйеге келтіріп, материалды сұрыптауда **Н. Уәлиев** пен **А. Алдашева** көп еңбек етті. Қолжазбаны баспаға дайындау ісіне **Ғ. Әнесов, М. Қанабекова** қатынасты.

Сөздіктің қолжазбасын рецензиялап, сын-пікір айтқан жолдастарға алғысымызды білдіреміз.

Сөздікке қатысты пікірлеріңіз бен ескертпелеріңізді Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтына, мына адреске жіберулеріңізді сұраймыз: *480021, Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 29.*

ҚАЗАҚ ТІЛІ ОРФОГРАФИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы 1983 жылдың 25 августында «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулы қабылдап, «Қазақ алфавитіндегі әріптердің тізілу ретін айқындау туралы және Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерін бекіту туралы» Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1957 жылғы 5 июндегі Указы бойынша бекітілген Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, олардың жаңа редакциясын бекітті.

Қаулыда министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, ведомстволарға, газет-журнал редакцияларына, баспаларға, ғылыми-зерттеу мекемелеріне, оқу орындарына Қазақ тілі орфографиясының осы негізгі ережелері жарияланған күннен бастап оларды жазу практикасында басшылыққа алу міндеттелді.

І. ӘРІПТЕРДІҢ ЕМЛЕСІ

І. Дауысты дыбыс әріптерінің қолданылуы

§ 1. а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і, э әріптері жалаң дауыстылардың, ал ё, и, у, ю, я әріптері қосынды дауыстылардың да (мысалы: *ёлка, қи, ки, бидай, су, шу-мақ, аю, якорь, саясат*), кейде жалаң дауыстылардың да таңбасы ретінде (мысалы: *слёт, кино, коммунист, бюро, октябрь*) жұмсалады.

§ 2. а, е, ы, і әріптері сөздің барлық буындарында жазылады. Мысалы: *ал, қала, шағала; ер, ересек; ые, бақытты, айыр, қатысты, қорыту, құмырсқа, жапырақ; іс, білімді, көкірек, үкімет, әсіресе, мәжіліс.*

Е С К Е Р Т У. Соңғы буынында ы, і дыбыстары бар кейбір сөздерге дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда ы, і дыбыстары түсіп қалады. Мысалы: *орын+ы — орны, құлық+ы — құлқы, әріп+і — әрпі, ерін+і — ерні, көрік+і — көркі, халық+ы — халқы, ойын+а — ойна, үрік+ек — үркек* (мұндай сөздер орфографиялық сөздікте толық көрсетіледі).

§ 3. ә, о, ө, ұ, ү әріптері жалаң сөздердің бірінші буындарында жазылады. Мысалы: *ән, әнші, сән, дәлел, дәрігер; орын, жолаушы; өлең, көлем, көбелек, төртеу; ұлы, құлын; үндеу.*

Бұл әріптер кейбір біріккен сөздер мен қос сөздердің екінші сынарларының басқы буындарында да жазылады. Мысалы: *Есенәлі, дәрі-дәрмек, тәлім-тәрбие; Қызылорда, Талдықорған, жән-жосық, Сарыөзек, Қараөзек, өте-мөте; басқұр, қаламұш, жазғытұрым, кешқұрым, тарс-тұрс; бүрсіуіні, еңбеккүн, сай-еулік.*

Е С К Е Р Т У. ө, ұ, ү әріптері мына сияқты сөздердің екінші буындарында жазылады. Мысалы: *сіра, кінә, күнә, куә, іңкәр, күмән, шұба, зәмзәм, мүсәпір, дү-дәмал, Күләш, Күләнда, мағлұм, бұлбұл, мақұл, байғұс, мәжбүр, әңгүдік; дүлдүл* (бұлар орфографиялық сөздікте толық беріледі).

§ 4. и әрпі мынадай орындарда жазылады:

а) түбір сөзде де, туынды сөзде де жінішке естілетін жалаң и дыбысының және қосарлық ый, ій дыбыстарының таңбасы ретінде и әрпі қолданылады. Мысалы: *иіс, иін, ине, имек, илеу, иық, тыын, тиін, қиын, киін, сирек, сирақ, ти, тиімді, тиіс, жиналыс, тарихи, саяси, яғни, ылғи, қағида, ақиқат, Иса, Иманбай, Қали, Әли, Сағира, Қалима, Қәлима, кино, пионер, комиссия, инерция, идея, иероглиф;*

ә) я, ю әріптерінің алдында **ы**, **і** әріптерінің орнына и әрпі жазылады. Мысалы: тақия, дария, дүрия, сия, қия, мия, Әсия, Ғалия; қию, жию, тию (тиді, тиген).

Е С К Е Р Т У. Косарлы **ый** әріптері тек *сый*, *тый*, сөздерінде (оларға қосымша жалғанғанда да) жазылады. Мысалы: *сыйлық*, *сыйлау*, *сыйымды*, *сыно*, *сылды*, *тыйым*, *тыйылу*, *тыю*, *тыяды*.

б) **йы**, **йі** дыбыстар тіркесі мен **ы**, **і** дыбыстарына бітетін етістіктерге көсемшенің **-и** жұрнағы жалғанғанда, соңғы **йы**, **йі** әріптерінің орнына бір ғана и әрпі жазылады. Мысалы: *байы+й+ды* — *байиды* (*баййиды*, *баиды* емес), *кейі+й+ді* — *кейиді* (*кеййиді*, *кеиді* емес), *оқы+й+ды* — *оқиды* (*оқыйды* емес), *ірі+й+ді* — *іридi* (*ірийдi* емес), *суы+й+ды* — *суиды* (*суыйды* емес), *мойы+й+ды* — *мойиды* (*моййиды*, *моиды* емес), *шірі+й+ді* — *шіридi* (*шірийдi* емес), *құры+й+ды* — *құриды* (*құрийды* емес);

в) и дыбысына бітетін етістіктерге жалғанатын тұйық райдың **-у** жұрнағы **-ю** түрінде, көсемшенің **-а** жұрнағы **-я** түрінде жазылады. Мысалы: *и* — *ию* (*иу* емес), *ки* — *кию* (*киу* емес), *қи* — *қию* (*қиу* емес), *жи* — *жию* (*жиу* емес); *қи* — *қияды* (*қиады* емес), *жи* — *жияды* (*жиады* емес).

§ 5. у әрпі мынадай орындарда жазылады:

а) түбір сөзде де, туынды сөзде де бірде жуан, бірде жіңішке естілетін дауысты у дыбысының, сондай-ақ дауысты дыбыстан бұрын және кейін келетін үнді у дыбысының таңбасы ретінде қолданылады. Мысалы: *су*, *гуіл*, *у*, *руль*, *жуа*, *куат*, *уыз*, *қалаулы*, *селеу*, *тіреу*, *түйреуіш*, *уақыт*, *уәде*, *даулет*, *дауір*, *шу-шуледі*, *шулады*, *гу-гуледі*, *тулады*;

ә) **ы**, **і** дыбыстарына бітетін етістіктерге тұйық райдың **-у** жұрнағы жалғанғанда, **ы**, **і** дыбыстары түсіріліп жазылады. Мысалы: *оқы* — *оқу*, *тоқы* — *тоқу*, *жібі* — *жібу*, *ірі* — *іру*, *суы* — *суу*;

б) у дыбысына бітетін етістіктерге тұйық райдың **-у** жұрнағы жалғанғанда, оның түбірі өзгертілмей жазылады. Мысалы: *сау* — *сауу*, *бу* — *буу*, *ту* — *туу*, *қу* — *қуу*, *ау* — *ауу*, *жу* — *жуу*.

§ 6. ә, ё әріптері орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген сөздерде ғана жазылады (әрі қарай «орыс тілінен енген сөздер» дегенде, интернационалдық сөздерді де ұғу қажет). Мысалы: *экономика*, *этика*, *эстетика*, *дуэт*, *эволюция*, *этнография*, *экскурсия*, *аэродром*, *экспорт*, *электр*, *ёлка*, *самолёт*, *заём*.

§ 7. ю әрпі мынадай орындарда жазылады:

а) сөз құрамындағы дауысты дыбыстан кейін қосынды **й+у** дыбыстарының орнына қолданылады. Мысалы: *аю*, *ою*, *үюлі*, *кею*, *көркею*;

ә) орыс тілінен енген сөздерде сөз басында және дауыссыз дыбыстан кейін де жазылады. Мысалы: *юрист*, *революция*, *люкс*, *адъютант*.

Е С К Е Р Т У. *Айуан*, *айуанат*, *хайуан*, *хайуанат*, *кейуана*, *миуа*, *диуана*, *қиуа*, *қиуаз* деген сөздер осында таңбаланғандай жазылады.

§ 8. я әрпі мынадай сөздерде жазылады:

а) сөз басында және дауысты дыбыстардан кейін қосынды **й+а** дыбыстарының орнына қолданылады. Мысалы: *яки*, *яғни*, *якорь*, *қоян*, *таяқ*, *ая*, *мая*, *сая*, *қия*, *мия*, *сия*, *қияқ*, *тұяқ*, *саяқ*;

ә) орыс тілінен енген кейбір сөздерде дауыссыз дыбыстардан кейін де жазылады. Мысалы: *октябрь*, *отряд*, *снаряд*, *аккумулятор*.

2. Дауыссыз дыбыс әріптерінің қолданылуы

§ 9. б, в, г, д әріптері, негізінде, сөздің басында, ортасында және орыс тілінен енген сөздердің соңында да жазылады. Мысалы: *байқа*, *хабар*, *гул*, *эдет*, *вагон*, *авиация*, *клуб*, *штаб*, *архив*, *устан*, *педагог*, *округ*, *наряд*.

§ 10. ж, з, к, қ, л, м, н, п, р, с, т, ф, х, ш әріптері сөздің басында да, ортасында да, соңында да жазылады. Мысалы: *жаз*, *жақсы*, *қажет*, *күж*, *лаж*, *заң*, *сазан*, *саз*, *көл*, *көңіл*, *қош*, *шаш*, *намыс*, *нан*, *самал*, *фабрика*, *шкаф*, *альманах*, *хат*, *химия*, *цех*, *колхоз*, *рас*, *ру*, *рет*, *лас*, *лау*, *лек*, *көп*, *жаздым*, *келдім*.

§ 11. ң әрпі сөздің ортасында және соңында ғана, ал ғ әрпі сөздің ба-

сында және ортасында ғана жазылады. Мысалы: *жаңа, аң, таң, ғалым, аға, ағартушы.*

§ 12. **ф, ц, ч, ш** әріптері орыс тілінен енген сөздерде жазылады. Мысалы: *физика, кафе, кофе, щи, борщ, лифт, цифр, шифр, шрифт, чек, өчерк, центнер.*

Е С Қ Е Р Т У. **ш** әрпі қазақтың байырғы сөздерінен *ащы, тұщы, кеше* деген сөздерде ғана жазылады, **ф** әрпі араб, парсы тілдерінен енген кейбір жалқы есімдер мен бірін-саран жалпы есімдерде де жазылады. Мысалы: *Фазыл, Фаридә, Фәтима, Марфуға; саф* (алтын), *фәни* (дүние).

§ 13. **й** әрпі қысаң **ы, і** дыбыстарынан басқа (*тый, сый* сөздерін қоспағанда) дауысты дыбыстардан кейін ғана жазылады. Мысалы: *ой, ай, кей, құй, күй, әй, өй, магний, калий, санаторий, сценарий, комментарий, Маяковский.*

§ 14. **х** әрпі мынадай орындарда қолданылады:

а) орыс тілінен енген сөздерде жазылады. Мысалы: *химия, хлор, археология, бухгалтер, цех, хирург, зоотехник;*

ә) араб, парсы тілдерінен енген кейбір жалпы, жалқы есімдерде жазылады. Мысалы: *хал, хат, халық, тарих, кітапхана, асхана* (ондай сөздердің тізімі орфографиялық сөздікте беріледі); *Хамит, Ахмет.*

§ 15. **һ** дыбысы естілген орындарда жазылады. Мысалы: *қаһарман, қаһарлы, еһе, гауһар, уһ, аһлады, уһледі.*

3. **ь, ъ** белгілерінің қолданылуы

§ 16. **ь, ъ** таңбалары орыс тілінен енген сөздерде айыру және жіңішкелік белгісі ретінде ғана жазылады. Мысалы: *съезд, объект, субъект, альбом, секретарь, асфальт, роль, руль, октябрь.*

II. ТҮБІР СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

§ 17. Сөз тіркесіндегі жеке сөздер естілуінше (айтылуынша) жазылмай, негізгі тұлғалары сақталып жазылады. Мысалы: *ала ат* (алат емес), *бара алмаймын* (баралмаймын емес), *қара көлеңке* (қара гөлеңке емес), *көк орамал* (көг орамал емес), *ақ лақ* (ағ лақ емес), *барса игі еді* (барсигеді емес), *келсе игі еді* (келсигеді, келсегеді емес), *барып па екен* (барыппекен емес).

§ 18. Орыс тілінен енген атау сөздердің тұлғасы сақталып, орыс орфографиясы бойынша өзгертілмей жазылады. Мысалы: *совет, социализм, коммунизм, колхоз, вагон, паровоз, самолёт, гидрология, биология, комитет, агроном, агротехника, педагог, медицина, спорт, хирург, плакат, конституция, клуб, кино, радио, пионер, станция, адвокат, ракета, планета, молекула.*

Е С Қ Е Р Т У. Ерте кезде дыбысталуы өзгеріп енген мынадай сөздер сол қалпында жазылады: *жәшік* (лячик емес), *бәтес* (батист емес), *теңге* (деньги емес), *сот* (суд емес), *бәтеңке* (ботинки емес), *минут* (минута емес), *газет* (газета емес), *сисә* (ситец емес), т. б. осы тәрізді сөздердің жазылуы орфографиялық сөздікте беріледі.

§ 19. Араб, парсы тілдерінен енген сөздер өзгеріп, сол қалыптасқан күйінде жазылады. Мысалы: *әділ, әрекет, әжептәуір, пейіл, амал, қаржы, ақпар, еш, әр, әлем, тәсіл, мектеп, пән, бұқара.*

Е С Қ Е Р Т У. Бірқатар кісі аттары әркімнің әр түрлі ат қоюына байланысты сол қалыптасқан күйінде жазылады. Мысалы: *Хасан, Хасен, Зәуре, Зура, Зухра, Бәтима, Фәтима, Патима, Кали, Ғали, Әли, Әлі, Жүсіп, Дүсіп, Түсіп, Нүсіп, Омар, Ғұмар.*

III. БӨЛЕК ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

§ 20. Күрделі атаулардың (мемлекет, республика, облыс, мекеме, ұйым аттарының) әрбір сөзі бөлек жазылады. Мысалы: *Советтік Социалистік Республикалар Одағы, Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, Қазақ ССР Ғылым академиясы.*

§ 21. Анықтауыш пен анықталушы сөздер тіркестеріндегі әрбір сөз бөлек жазылады. Мысалы: *бас киім, аяқ киім, іш киім, су дiрмен, темір жол, тас жол, ағаш көпір, ат қора, қой қора, сиыр қора, қолқа тамыр, шеке тамыр, қыз бала, ұл бала, ала бұлт, асыл тас, ақ бас.*

§ 22. Күрделі сан есімдердің, күрделі сын есімдердің әрбір сөзі бөлек жазылады. Мысалы: *он бір, он сегіз, жиырма бір, жиырма сегіз, жүз он жеті, екі жүз жетпіс төрт, бір мың тоғыз жүз елу үш, төрт жарым, отыз екі жарым; қара ала, көк ала, қара кәк, ақ сұр, құла қасқа, құла жирен, торы төбел, ақ шабдар.*

§ 23. Күрделі етістіктердің әрбір сөзі бөлек жазылады: Мысалы: *жаза бер, жазып отыра бер, жүгіре жөнелді, жүгіріп ала жөнелді, бара алмады, бара алмай қалды, бара алмай қалып еді, жығылып қала жаздап барып қалды.*

§ 24. Есім, еліктеуіш сөздер мен етістіктерден құралған күрделі сөздердің әрбір сөзі бөлек жазылады. Мысалы: *қызымет ет, жұмыс қыл, жәрдем ет, жәрдем етіп жібер, жәрдем бер, шап ету, лап қою, тап беру, қол шапалақтау, ду ете түсті, баж ету.*

§ 25. Идиомалық, фразалық тіркестердегі әрбір сөз бөлек жазылады. Мысалы: *таяқ жеу, жан қию, жан қиярлық, ат салысты, бой ұру, ат үсті (қарау), қырғи қабақ (болу), тіс қаққан (жігіт).*

IV. БІРГЕ ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

§ 26. Тұлғасы өзгертіліп барып біріккен сөздер қосылып жазылады. Мысалы: *бүгін, биыл, қыстыгүні, күздігүні, жаздыгүні, алаңғасар, ашудас, белбеу, анар, әпер, түрегелді, ерғашты, жарғанат, қарағаш, алтатар.*

§ 27. *Еш, әр, кей, бір, қай, әлде* сөздерімен біріккен есімдік, үстеу сөздер түбір тұлғалары өзгертілмей, бірге жазылады. Мысалы: *әркім, әрбір, әрдайым, әрқашан, ешкім, ешбір, ешқандай, ештеңе, кейбір, қайбір, қайсыбір, бірдеңе, бірнеше, бірталай, біраз, бірсыпыра, біржолата, бірыңғай, біркелкі, бірқыдыру, әлдеқалай, әлдеқайда, әлдеқандай, әлдеқашан.*

Е С К Е Р Т У. *Еш, әр, кей, бір, қай, әлде* сөздері зат есімдермен тіркескенде, бөлек жазылады. Мысалы: *еш адам, әр бала, қай үй, кей адам, бір жұмыс, әлде жылқы, әлде сиыр.*

§ 28. Екі түбірден құралып, ғылымның әр алуан (саяси-әлеуметтік, биологиялық, астрономиялық, химиялық т. б.) саласында терминдік мәнге ие болған атаулар бастапқы тұлғаларын сақтап, бірге жазылады. Мысалы: *баспасөз, өнеркәсіп, кәсіподақ, бесжылдық, арасалмақ, арақатынас, келіссөз, көзқарас, еңбеккүн, қонақасы, шикізат, көкжиек, келпіркөсақ, оттегі, сутегі, қостотық, тозаңқап, гүлтабан, тамыржеміс, сүтқоректілер, оңқанаттылар.*

§ 29. Екі, кейде үш түбірден құралған аң-құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа, өсімдік атаулары түбір тұлғалары сақталып, бірігіп жазылады. Мысалы: *қосаяқ, қарақұйрық, ақбөкен, тасбақа, құрбақа, бірқазан, аққұтан, көкқұтан, аққу, қарақұс, есекмия, жаужұмыр, түйеқарын, шегіргұл, айдаршөп, қырықаяқ, қарақүйе.*

§ 30. Екі түбірден құралып, терминге айналған техника, шаруашылық, тұрмыс, мәдениет, өнер, спорт т. б. салаларға қатысты зат, құрал-жабдық, ұғым атаулары мен әр алуан мамандық, кәсіп, қызмет иелерінің аттары бірігіп жазылады. Мысалы: *шаңсорғыш, еттартқыш, бесатар, өнертапқыш, жанкүйер, бессайыс, ақсүйек (ойын), балтаптап (ойын), беташар, тоқымқағар, ақсарбас (ырым, дәстүр атаулары), тоғызқұмалақ, асатаяқ, теміржолшы, отызмыңшылар, алыпсатар, атқамінер.*

§ 31. Екінші сыңары аралық, тану, сымақ деген сөздер немесе бірінші сыңары *фото, электр, радио, авто, авиа, аэро, кино, гидро, агро, транс, инфра, ультра, изо, гипер*, ал екінші сыңары қазақ сөздері болып келген тіркестер бірге жазылады. Мысалы: *халықаралық, ауданаралық, континентаралық; жаратылыстану, шығыстану, абайтану; шешенсымақ, фотосурет, электрұстар, радиоқабылдағыш, автоқалам, аэрошана, киноқондырғы, агрошаралар, инфрақұзыл, ультракүлгін, изосызық, гипержазықтық.*

Е С Қ Е Р Т У. Бірігіп жазылуы дәстүрге айналған *дүниежүзілік, бүкілодақтық, бүкілхалықтық, қиыршығыстық, ортаазиялық* сияқты сын есімдер осы түрінде жазылады (олар сөздікте беріледі).

§ 32. Екі, кейде үш сөзден құралған кісі аттары мен географиялық атаулар, негізінен, түбірі сақталып, бірге жазылады. Мысалы: *Досжан, Өтепберген, Әбдіманап, Мергенбай, Қартбай, Талдықорған, Жезқазған, Қандыағаш, Сарыөзек, Екібастұз, Қызылжарқұдық*.

Ұлы, қызы сөздері фамилияны және әкесінің атын білдіретін сөздермен тіркескенде, жалқы есімге қосылып жазылады. Мысалы: *Бауыржан Момышұлы, Мұхтар Омарханұлы Әуезов, Сара Сәтбайқызы Есова*.

Е С Қ Е Р Т У. а) Екі түбірден құралған бірқатар кісі аттары түбір тұлғалары өзгеріп, біріккен түрінде жазылады. Мысалы: *Дәметкен, Торайғыр, Ұлбосын, Қожахмет*;

ә) екінші сыңары қ, к дыбыстарынан басталатын кейбір кісі аттары екі түбірдің үндесу ыңғайына қарай да жазылады: алдыңғы түбір қатаң дыбысқа аяқталса, келесі сөз де қатаң қ, к әріптерімен жазылады. Мысалы: *Күселқали, Қоскелді, Айткелді, Айтқожа, Сейітқұл, Аққыз*; алдыңғы түбір дауысты дыбыстар мен ұяң, үнді дыбыстарға аяқталғанда, келесі түбірдің басқы дыбыстары ұяңдап, ғ, г болып айтылса, ғ, г әріптері жазылады. Мысалы: *Амангелді, Нұргелді, Төрегелді, Нұргиса, Нұргожа, Есенғұл, Қарагөз, Ботагөз, Айғыз*. Ал қатаң түрде айтылса, қ, к әріптері жазылады. Мысалы: *Әбілқайыр, Әбдіқадыр, Әбілқасым, Қаламқас, Бибикамал, Шәмшіқамар*;

б) қазақтың төл сөздері мен араб, парсы тілдерінен енген сөздерден жасалған кісі аттары қатарынан екі дауыссыз дыбыстан басталмайды, олардың не алдынан, не ортасынан ы, і әріптерінің бірі жазылады. Мысалы: *Ысқақ (Сқақ емес), Ысқақбай (Сқақбай емес), Сымахан (Смахан емес), Сыматай (Сматай емес), Сыланов (Сланов емес), Ысмағұл немесе Сымағұл, (Смағұл емес), Ырза (Рза емес), Ырзабай (Рзабай емес), Ырсалды (Рсалды емес)*;

в) аттас жерлерді бір-бірінен ажырату үшін алдарынан қолданылатын анықтауыш есімдер бас әріптен басталып, бөлек жазылады. Мысалы: *Кіші Азия, Орталық Азия, Орталық Азия, Үлкен Қараой, Кіші Қараой*.

У. ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

§ 33. Қос сөздердің барлық түрі дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: *дүркін-дүркін, үлкен-кіші, үлкенді-кішілі, аяқ-табақ, қып-қызыл, қолма-қол, көзбе-көз, қолды-қолына, жалт-жалт, жалт-жұлт, өзінен-өзі, қараптан-қарап, некен-аяқ, жөн-жосық, маркстік-лениндік (ілім), саяси-бұқаралық*.

УІ. ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

§ 34. Қосымшалар сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың әуеніне қарай, буын үндестігі бойынша, я жуан, я жіңішке болып жазылады. Мысалы: *жұмыс-шы-лар-дың, пио-нер-лер, инсти-тут-тар, пле-нум-да, секре-тарь-ға, бюлле-тень-дер, мұға-лім-ге, се-мья-лар, да-рия-лар, ка-зак-тар, по-ляк-тар*.

§ 35. Соңғы дыбыстары оғ, уг болып келген сөздер мен рк, рг, нк, нг, кс, кт, ск, лк, нкт, кль, брь, бль сияқты дауыссыздар тіркесіне біткен сөздерге қосымшалар әрдайым жіңішке түрде жалғанады. Мысалы: *педагогтер, педагогі, педагогтік, геологтер, геологке, округтік, округке, парктер, паркке, паркі, парторке, кооскіге, фактіге, фактісі, полкке, полктер, полкі, пункттерді, октябрьге, ансамбльге, ансамблі, бинокльдер*.

Е С Қ Е Р Т У. Жіңішкелік белгісіне аяқталған бір буынды сөздер мен соңғы буынында ь, ь дыбыстары бар сөздерге қосымша әрдайым жіңішке жалғанады. Мысалы: *рольдер, ролі, осьтер, осі, самолётке, самолёттер, актёрге, актёрлер, дуэттер, дуэті*.

§ 36. Сөздің соңғы дыбысы қатаң болса, дауыссыздан басталатын қосымшаның басқы дыбысы да қатаң, ал сөздің соңғы дыбысы ұяң я үнді болса,

қосымшаның басқа дыбысы да ұяң я үнді болып жалғанады. Мысалы: *астықты, астық-тан, табыс-пен, айт-тыр, трактор-лар, қағаз-дар, мал-мен, құм-мен, ауыз-бен.*

Е С К Е Р Т У. б, в, г, д әріптеріне бітетін сөздерге дауыссыз дыбыстан басталатын қосымшалар тек қатаң дыбыстан басталып жалғанады. Мысалы: *штаб-тан, клуб-қа, парад-тан, парад-қа, архив-тен, архив-ке, коллектив-тен, педагог-тер, геолог-тер, геолог-ке.*

§ 37. Сөздің соңғы дыбысы с немесе з болып, оған с, ш дыбыстарына басталатын қосымша жалғанғанда, түбірдің соңғы дыбысы өзгертілмей жазылады. Мысалы: *колхозшы (колхозшы емес), ауызша (ауышша емес), жұмысшы (жұмышшы емес), басшы (башшы емес), сөзсіз (сөссіз емес), жазсын (жассын емес), көзсіз (көссіз емес).*

§ 38. Сөздің соңғы дыбысы н болып, оған ғ, г, б дыбыстарының бірінен басталатын қосымша жалғанғанда, ол дыбыс өзгертілмей жазылады. Мысалы: *күнге (күңге емес), жанбайды (жамбайды емес), жанға (жаңға емес).*

§ 39. -ов, -ев жұрнақтары арқылы жасалған фамилияларға қосымша түбір сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады. Мысалы: *Әділбаевқа (соңғы буын — бай — жуан), Әділбековке (соңғы буын — бек), Жүсіповтің, Чапаевшылар, Берсиевшілер.*

§ 40. Қосымшалар дауысты дыбыстан басталғанда, түбірдің соңындағы қ, к, п дыбыстары ұяңдап, ғ, г, б (немесе у) болып өзгерген түрінде жазылады. Мысалы: *тарақ-тарағы, тайлақ — тайлағы, қызық — қызығы, жүрек — жүрегі, блок — блогы, тік — тігеді, кітап — кітабы, жап — жабады; тап — тауып — табады, кеп — кеуіп — кебеді Бірақ қазақ (ат), қалмақы (ер) сияқты бірер сөздердің түбірі сақталып жазылады.*

Е С К Е Р Т У. п, х дыбыстарына аяқталатын орыс тілінен енген сөздерге дауыстан басталған қосымша жалғанғанда, п, х дыбыстары ұяңдамайды: *принцип-і — принципі, тип-інде — типінде, окоп-ы — окопы, цех-ы — цехы, альманах-ы — альманахы.*

§ 41. нд, мп, кт, нг, мб, ск, фт сияқты дыбыстар тіркесіне бітетін сөздерге қосымшалар ы, і дәнекері арқылы қосылады. Мысалы: *фонд — фонд-ы-ға, фонд-ы-ны, фонд-ы-дан, фонд-ы-сы; шрифт — шрифт-і-ге; штамп — штамп-ы-лау; факт — факт-і-ге; митинг — митинг-і-ге; объект — объект-і-лер, объект-і-ге; ромб — ромб-ы-ның; киоск — киоск-і-ге, киоск-і-лер.*

§ 42. сс, лл, кк, тт сияқты қосар дыбыстар тіркесіне біткен жалпы есімдерге қосымшалар жалғанғанда түбірдегі қос әріптің біреуі түсіріліп жазылады, ал жалқы есімдерде түбір күйінде де, оларға қосымшалар жалғанғанда да өзгеріссіз жазылады, оларға тек дәл сол дыбыстардан басталатын қосымшалар жалғанғанда, түбірдегі қосар әріптің соңғы сынары түсіріліп жазылады. Мысалы: *прогресс — прогрес-тік; класс — клас-тар, клас-ы; металл — метал-дың, метал-ы; грамм — грам-нан, грам-ы; киловатт — киловат-тар; Донбасс — Донбас-қа; Гримм — Гримм-нің, Грим-мен (Гриммнен емес).*

§ 43. ст, сть, эд дыбыстар тіркесіне біткен сөздер түбір күйінде ешбір өзгеріссіз жазылады да, оларға қосымшалар жалғанғанда түбірдегі соңғы дауыссыздар түсіріліп жазылады. Мысалы: *текст — текс-ке, текс-тер; трест — трес-тің, трес-іне; ведомсть — ведомос-қа, ведомос-ы; съезд — съез-ге, съез-і-нің; поезд — поез-бен, поез-ына; коммунист — коммунис-і, коммунис-тік, коммунис-ке.*

§ 44. Бас әріптерден қысқарған сөздер тек қана дауыссыз дыбыстардан тұрса, оларға қосымшалар соңғы әрпінің жуан я жіңішке айтылуына қарай үндесіп, я жуан, я жіңішке болып, дефис арқылы жазылады. Мысалы: *РСФСР-ге, МТС-ке, МТС-тер, АКШ-қа.* Ал араларында немесе соңында дауысты дыбыс әріптері тұрса, қосымша сол дыбысқа үндесіп, жуан не жіңішке болып дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы *ЗИС-тер, БАМ-ға, ТАСС-тың, ТЭЦ-ке, ЮНЕСКО-ның.*

§ 45. Тырнақшаға алынған сөздерге жалғанатын қосымшалар тырнақшаның ішіне жазылады. Мысалы: *«Правданың» бас мақаласы; ол өлең «Социалистік Қазақстанда» басылды; А. М. Горькийдің «Анасын» қазақ тілінде де, орыс тілінде де оқыдық.*

VII. ШЫЛАУ СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

§ 46. Шылау сөздер төмендегіше жазылады:

а) шылаулар, негізінде, бөлек жазылады. Мысалы: *сабақтан кейін, жиналысқа дейін; қағаз да қарындаш та; қалам мен сия; аз ба, көп пе?*

ә) *ақ, ау, ай, мыс, міс, ды, ді, сынды* шылаулары өздерінен бұрынғы сөздерден дефис (-) арқылы бөлініп жазылады. Мысалы: *сен-ақ, келмейді-ау, әдемісін-ай, барыпты-мыс, шамалы-ақ көретін-ді, Амангелді-сынды, қой-ақ қой.*

б) *ма (ме, ба, бе, па, пе)* сұраулық шылауы түбір мен қосымша арасында қолданылғанда, *мы, мі, бы, бі, пы, пі* болып өзгерген қалпында бірігіп жазылады. Мысалы: *келемісің? айтыптысың? Сұлтанбысың?*

VIII. БАС ӘРІПТІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

§ 47. Нүкте, сұрау, леп белгілерінен кейінгі сөйлемнің бірінші сөзі, көбінесе өлеңнің әрбір жолы бас әріптен басталып жазылады.

§ 48. Жалқы есімдер (кісі аттары, географиялық атаулар, колхоз, совхоз, кәсіпорындардың аттары, кітап, журнал, шығарма, мереке, мекеме, ұйым аттары т. б.) бас әріптен басталып жазылады. Мысалы: *Абай Құнанбаев, Максим Горький, Балқаш, Алматы, «Горный гигант» совхозы, Александр Фадеевтің «Жас гвардия» романы, Май мейрамы, Мәдениет министрлігі, Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты.*

§ 49. Күрделі есімдерден құралған мынадай атаулардың әрбір сөзі бас әріппен жазылады.

а) ең жоғарғы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың аттары. Мысалы: *СССР Жоғарғы Советі, СССР Жоғарғы Советінің Президиумы;*

ә) ең жоғарғы мемлекеттік қызмет аттары мен құрметті атақтар: *Министрлер Советінің Председателі, Совет Одағының Батыры, Социалистік Еңбек Ері, Совет Одағының Маршалы.*

Е С К Е Р Т У. Өзге мемлекеттік мекемелер мен партия ұйымдарының күрделі есімдерден құралған аттарының бірінші сөзі ғана бас әріппен жазылады. Мысалы: *Сыртқы істер министрлігі, Фрунзе аудандық партия комитеті, Оқу министрлігі, СССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Ғылым академиясы.*

§ 50. Бірінші әріптерден қысқарған сөздің әрбір әрпі бас әріппен жазылады. Мысалы: *КПСС, СССР, МТС, ВЛКСМ.*

IX. СӨЗДЕРДІҢ ТАСЫМАЛДАНУЫ

§ 51. Жазып келе жатқанда, жолға сыймаған сөз буын жігіне қарай тасымалданады. Мысалы: *ала-қан, ор-на-лас-ты-ру.*

§ 52. Екі дауысты дыбыстың ортасында келген *й* мен *у* дыбыстары бар сөздерді буындағанда бұл дыбыстар келесі буынның басында келеді және солай тасымалданады. Мысалы: *да-уыс (дау-ыс емес), са-уат (сау-ат емес), да-йындық (дай-ындық емес), құ-йын (құй-ын емес). Ал ұу, үу, ый, ій* қосар әріптерінің орнына жазылған *у*, *и* әріптері бар сөздер буындалғанда, келесі буын дауысты әріптен басталады және солай тасымалданады. Мысалы: *бу-ын, су-ық, қу-а-қы, қи-ын, ти-ын, жи-ын.*

Е С К Е Р Т У. Сөз ішінде үш дауыссыз дыбыс қатар келгенде, алдыңғы жолда екі дауыссызды қалдырып, келесі жолға үшінші дауыссыз дыбыс әрпін шығарып тасымалдау керек. Мысалы: *құмырс-қа (құмыр-сқа емес), күңгірт-теу (күңгір-ттеу емес), жаңғырт-ты (жаңғы-ртты емес).*

§ 53. Жазып келе жатқанда жолға сыймаса, мынадай орындарда тасымал жасауға болмайды:

а) екі, үш не одан да көп әріптерден құралған бір буынды сөздер жеке тұрғанда тасымалданбайды. Мысалы: *ай, күн, тарт, вольт, кварц, пункт;*

ә) сөздің жеке әрпін сол жолдың өзінде қалдыруға да, келесі жолға та-

сымалдауға да болмайды. Мысалы: *ара (а-ра, ар-а емес), аяқ (а-яқ емес), алақан (а-лақан емес);*

б) бас әріптен қысқарған сөздерді бөліп тасымалдауға болмайды. Мысалы: *МТС (М-ТС, МТ-С емес);*

в) кісі атының қысқартылып алынған әрпін (инициалдарын) фамилиядан айырып, сол жолда қалдыруға да, екінші жолға көшіруге де болмайды: *А. С. Пушкин, Л. Н. Толстой, М. О. Әуезов;*

г) цифр арқылы таңбаланатын сандарды оларға қатысты қысқарған атауларынан бөліп тасымалдауға болмайды. Мысалы: *25 га (25-га емес), 50 см (50-см емес), 50% (50-% емес).*

Қазақ ССР Оқу министрлігі

**Қазақ ССР Ғылым академиясының
Тіл білімі институты**

СӨЗДІКТІҢ ҚҰРАМЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

§ 1. Сөздер алфавит тәртібімен беріледі, сөз ұясында берілген бөлек жазылатын тіркестер де бірінші сөзінің алфавиттік ретімен ұсынылады.

§ 2. Жұлдыз (шокжұлдыз) атаулары сияқты жалқы есімдер мен *Жоғарғы Совет* тәрізді кейбір құрметті атаулардан өзге сөздердің барлығы кіші әріппен жазылады.

§ 3. Сөздікке барлық сөз табына жататын сөздер алынады.

§ 4. Сөздікте жалаң сөздермен қатар, біріккен сөздер және қос сөздер реестрде беріледі; бірен-сараны болмаса, орыс тілі арқылы немесе қазақ сөздері негізінде жасалған қысқарған сөздер Сөздік құрамына енген жоқ. Біріктіріліп жазылу қаупі бар, бірақ әр сөзі бөлек жазылатын тіркестер бірінші сөзіне қарай ұяда беріледі, мысалы: *өне бойы, жол бойы, қол байлау, қол байлаушылық, бір асым ет, бір қайнатым шай, екі есе, он бір, он екі, бас салу, өз бетімен, әр көкірек, таяқ тастам жер, ат шаптырым жер, жан ұшыру* т. б. Дефис арқылы жазылатын сөздердің ішінде дербес лексикалық мағынасы жоқ бір түбірдің қайталануынан жасалғандары (*үлкен-үлкен*) және бір сыңары мәнсіз *ат-мат, соға-моға, жара-мара* т. б. сияқты болып келетіндері берілмейді.

Екінші сыңары *-ды, -сыз* жұрнақты сөз болып келген күрделі анықтауыштардың бөлек жазылатындығы ұяда көрсетіледі, ал солардан көптік жалғау жалғанып, биологиялық термин болып біріккен сөз ретінде қолданылатындары *бірақ* деген белгімен жақша ішінде көрсетіледі: Мысалы: *дара, дара гүлді өсімдік (бірақ: дарагүлділер), жарғақ, жарғақ қанатты сона (бірақ: жарғаққанаттылар)*.

§ 5. Морфологиялық, фонетикалық варианттардың бұл күнде не дербес лексикалық мағынада қолданылатындары (*өкімет — үкімет, уәде — уағда, оқиға — уақиға*) немесе стильдік мақсатта екі түрі де жұмсалатындары (*шайтан — сайтан, дәрі — дару, заман — замана*), я болмаса семантикалық үстеме мағынаға не болғандары (*үстел — стол, резеңке — резина*) сөздікте жеке-жеке реестрде беріледі. Ал мұндай сипатқа не болмаған, бірақ екі варианты да қолданыста бар жарыспалы сөздер *ж. (және)* деген белгімен қатар ұсынылады: *айғай ж. айқай, балуан ж. палуан* (олардан туындаған сөздердің әрқайсысының жарыспалылығы көрсетілмейді).

§ 6. Сөздікте мағына алшақтығы мейлінше айқын омоним сөздер жеке-жеке реестрге беріледі.

§ 7. Омонимдерді бір-бірінен ажырату үшін және мағынасы көмескіленген көне, сирек қолданылатын сөздер мен кейбір жаңа сөздердің ұғымын білдіру үшін не жақша ішіне синонимі немесе тіркестер беріледі, бірен-саран сөздерде орысша баламасы көрсетіледі: *жағажай* (пляж), *жолсерік* (проводник). Өсімдік пен жан-жануарлар дүниесіне қатысты кейбір сөздердің мағынасын білдіру үшін және солармен тұлғалас өзге сөздермен шатастыру қаупі бар жерлерінде *өс. (өсімдік), балық, құрт* деген сияқты түсініктеме беріле-

ді. Этнографизмдерге *ойын, ырым, кәде, этн.* деген, кейбір терминдерге ғылымның қай саласына жататындығын білдіретін *бот. (ботаника), зоол. (зоология), лингв. (лингвистика)* деген сияқты белгілер беріледі. Сөз мағынасын білдіруге берілетін тіркестердің реестр сөзден басталуы шарт емес: *сүлдер, құр сүлдері; жаздау, құлай жаздау; әлетінде, түс әлетінде; асым, бір асым ет.*

§ 8. Әр сөзі бөлек жазылатын тіркестерден жасалған күрделі сөздердің туынды компонентінің бөлек жазылатындығы ұяда көрсетіледі: *он, он бір, он екі, он шақты; аш, аш көз, аш көздену, аш көздік; ақ, ақ көңіл, ақ көңілді, ақ көңілділік* т. б.

Зат есім

§ 9. Зат есімдер жекеше атау тұлғада беріледі. Туынды зат есімдердің ішінде *-у* жұрнақты етістіктерге *-шы, -шылық* қосымшалары жалғану арқылы жасалып, лексикалық мағынаға ие болған сөздер енгізіледі (мысалы: *ағартушы, жазушы, оқушы; ағартушылық, ұйымдастырушылық* т. б.), осы қосымшалардың көмегімен кез келген *-у* жұрнақты етістіктен қажетіне қарай жасауға болатын, бірақ лексикалық мағынасы жоқ *қабылданушы, қабылданушы, кіруші, көруші, жапаланушы, жаңылдырушылық, қорғаушылық* тәрізді сөздер берілмейді. Сол сияқты есімше тұлғаларына *-дық* жұрнағы жалғанып жасалған сөздердің ішінде дербес лексикалық мағынасы жоқтары (мысалы: *сөйлегендік, барғандық*) сөзтізбеге енбейді.

Сөздіктің реестр құрамына *-сымақ* тұлғалы сөздер (*ақынсымақ, батырсымақ*) енген жоқ.

Екінші сыңары *ағаш, от* болып келетін күрделі, біріккен атаулар кейде *ағашы, оты* түрінде де қолданылады, ондай жағдайда соңғы *ы* әрпі жақша ішінде көрсетіледі. Мысалы *алма ағаш(ы), өрік ағаш(ы), балықот(ы), тартарот(ы), торғайот(ы).*

§ 10. Дербес лексикалық мағынасы немесе семантикалық ренкі жоқ фонетикалық дублеттердің (жарыспалы сөздердің) біреуі ғана беріледі: *таңдай — таңдай, түндік — түндік, ие — еге, қарбыз — дарбыз, қайтейін — кәйтейін* деген қатарлардың алдыңғылары ғана сөздікке енгізіледі.

§ 11. Сөздікте орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген сөздерден негізінен ғылыми, қоғамдық-саяси және көркем әдебиеттерде, бұқаралық информативті құралдарының тілінде кең қолданылып жүргендері, сондай-ақ күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде жұмсалатындары ұсынылады; ғылымның жеке-жеке салаларына қатысты тар қолданыстағы терминдер мен терминдік сөз тіркестері сөздіктің құрамына енгізілмейді. Сонымен қатар казакша баламалары бола тұрса да, кейбір орыс тілі сөздері сөздікке енгізіледі, өйткені мұндай орысша-казакша қатарлардың біреуі белгілі бір ұғымның, заттың т. б. халықтық атауы болады да, екіншісі көбінесе жазба әдебиетте, ресми документтерде қолданылатын ғылыми атауы болып келеді. Мысалы: *радикулит — құяң, аппендицит — соқырішек, резина (резина заводы) — резеңке, стол (паспорт столы) — үстел.* Бұлардың екеуі де сөздікке алфавит ретімен өз орындарында беріледі.

§12. Зат есімдерге қосымшалардың жалғануы.

1. *к, қ, п* дыбыстарына аяқталатын зат есімдерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, бұл дыбыстардың ұяндап кететіндігі және солай жазылатындығы III жақтағы тәуелдеулі тұлғасын беру арқылы көрсетіледі: *топырақ, топырағы; ұйымдастырушылық, ұйымдастырушылығы; күрек, күрегі; сап, сабы (күректің сабы); талап, талабы; сөз соңындағы к, қ, п дыбыстарының өзгермей жазылатын тұстары да беріледі: тарих, тарихы; цех, цехы; сап, сапы (еңбек сапында), тип, типі; микроскоп, микроскопы.*

2. *н* дыбысына аяқталатын зат есімдердің барыс жалғаулы тұлғасы беріліп, сол арқылы сөздің дыбысталуындағы кейінді ықпал заңының (*н* дыбысының *ң* болып айтылуының) жазуда ескерілмейтіндігі көрсетіледі, мысалы: *алақан, алақанға; ән, әнге; қақпан, қақпанға.*

3. Соңғы буыны *р, л, й, у* үнді дыбыстарынан басталатын сөздердегі қысақ *ы, і* дыбыстарының түсіріліп, не түсірілмей жазылатындығы тәуел-

діктің ІІІ жақ тұлғасы арқылы көрсетіледі: *е-рін, ерні; а-уыл, аулы; мұ-рын, мұрны; да-уыл, дауылы; қа-уын, қауыны; аға-йын, ағайыны; бе-йім, бейімі; пе-йіл, пейілі; баста-уыш, бастауышы* т. б. Қалған жағдайларда сөз тәуелденгенде, соңғы буынындағы *ы, і* дыбыстарының түсірілмей жазылатындығы (*қысым, қысымы; тамыр, тамыры*) арнайы көрсетілмейді.

4. Екінші сыңары жеке реестр сөз болып келетін біріккен тұлғалар мен қос сөздердің қосымшалар жалғанған түрі берілмейді. Мысалы: *авиамектеп, автопарк, аяқ-табақ, ойын-сауық, күйіп-жану, күйіп-нісу* деген сөздердің *авиамектебі, автопаркке, автопаркі; аяқ-табағы; ойын-сауығы; күйіп-жанбау, күйіп-жанған, күйіп-ніссе, күйіп-нісіш* деп қосымша жалғанған түрлері берілмейді. Ал екінші сыңары жеке қолданылмайтын сөздердің қосымшалы түрлері жазылады. Мысалы, *таласып-тармасу, ақсұп, атжалман, тоқты-торым* сияқты сөздердегі *тармасу, сұп, жалман, торым* деген сыңарлары жеке реестрде берілмейтіндіктен, олардың қосымша жалғану үлгілері көрсетіледі: *таласып-тармасса, таласып-тармасишы, ақсұбы; атжалманға; тоқты-торымы.*

5. *-ист* жұрнағымен келген сөздер мен халық атауларының көпше тұлғасы көрсетіледі: *абхаз, абхаздар, қырғыз, қырғыздар; материалист, материалистке, материалисі, материалистер.*

6. Орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшаларының жалғануы былайша беріледі:

а) Қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда, жазылуы екі ұшты болып келетін және соңғы буында *и, у, ё* дауыстылары бар сөздердің түрленуі арнайы көрсетіледі: *анализ, анализге, анализі; конус, конусқа, конусы; шахтёр, шахтёрге, шахтёрі.*

ә) *ог, уг* және *аль, оль, уль, ель, оид, арь, ерь, ий* дыбыстар тізбегіне бітетін сөздерге қазақ тілі қосымшаларының жалғануы беріледі: *педагог, педагокке, педагогі; округ, округке, округі; медаль, медальға, медаль; карамель, карамельге, карамелі; секретарь, секретарьға, секретары; санаторий, санаторийге, санаторийі.*

б) *нг, ск, кс, нк, кт, нкт, дж, фт, пт, кль, бль, мб, рг, рк, вт, рв, мн, зд, рд, ст* тәрізді дауыссыз дыбыстар тізбегіне, сонымен қатар *лл, мм, сс, тт* сияқты қосарлы дауыссыздарға аяқталатын сөздердің қазақ тілі қосымшаларымен өзгеруі көрсетіледі. Мысалы: *митинг, митингіге, митингісі; киоск, киоскіге, киоскісі; бокс, бокске, боксі; поезд, поезға, поезы; текст, текске, тексі; шрифт, шрифтге, шрифтсі; спектакль, спектакльге, спектаклі; космонавт, космонавтқа, космонавы; металл, металлға, металы.*

